

# ӘДЕБИЕТТАНУ ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ

Г. Қ. Қазыбек

## “РОМЕО МЕН ДЖУЛЬЕТТА” ТРАГЕДИЯСЫНЫҢ ҚАЗАҚША НҰСҚАЛАРЫ

У.Шекспир – Ренессанс дәуірінің ұлы перзенті. Шекспир ғасырдан ғасырға өтіп өз оқырмандарын тауып, шығармаларымен тандандыру мен тамсандырудан талмаған классиктердің қатарына жататыны белгілі.

“Ромео мен Джульетта” – Шекспирдің суреткер ретіндегі қол жеткізген үлкен жетістігі. Аталған шығарманың қазақ тіліне аударылған екі нұсқасы бар. Біріншісі – Н.Баймұхамедовтікі, екіншісі - Ә.Кекілбаевтікі. Енді осы аударма нұсқаларды салыстырып көрейік.

У.Шекспир шығармалары көптеген тілдерге сатылы аударма арқылы аударылғандықтан, қазақ тіліне де ағылшын тілінен тікелей емес, орыс тілінен аударылған. “Ромео мен Джульетта” кімнің нұсқасынан аударғандығын Нығмет Баймұхамедов те, Әбіш Кекілбаев та көрсетпеген. Алайда мәтіндік жіті талдау барысында екі тәржімашының да түпнұсқа етіп Б. Пастернактың аудармасын алғандығы байқалады. Пастернактың аудармасы көптеген шекспиртанушылар мен әдебиеттанушылар тарапынан жоғарғы бағаға ие болған аудармалар қатарына жатады.

Ромео мен Джульеттаның алғашқы кездесуінен алынған сонеттің аудармасын қарап көрейік. (Капулетти бағындағы көрініс).

Ромео: О, сұлуым! О, өмірім! Қуанышым!  
Өзінді-өзің танырмысың.  
Білермісің бағанды?  
... Бал тілінен үн бергендей ...  
Осы мені ақымақ десе болмас па  
Сөйлесіп тұрған мен емес,  
Көктегі жұлдыз екен ғой,  
Сұрап тұрған көздерін  
Өздерінің орнына.  
Сол көздерді көкке апарып орнатса,  
Түнді күн деп жаңылып  
Құстар сайрап жіберер ед  
Тұрғанын қарашы,  
Қолын сүйеп жағына ...  
Әттең,  
Қолқабы неге болмадым,  
Бастан асар бағыма (1,39)

Пастернактың аудармасында:

О, Милая! О жизнь моя! О радость!  
Стоит, сама не зная, кто она.

Губами шевелит, но слов не слышно,  
Пустое, существует взглядов речь!  
О, как я глуп! С ней говорят другие  
Две самых ярких звездочки, спеша  
По делу с неба отлучиться, просят  
Ее глаза покамеет посверкать.  
Ах, если бы глаза ее на деле  
Переместились на небесный свод!  
При их сиянье птицы бы запели,  
Принявшие ночь за солнечный восход.  
Стоит одна, прижав ладонь к щеке  
О чем она задумалась украдкой?  
О быть бы на ее руке перчаткой,  
Перчаткой на руке! (3,26-27)

Түпнұсқада:

It is my lady! O! It is my love:  
O! That she knew she were  
She speaks yet she says nothing: what of that of that?

Her eye discourses; I will answer it.  
I am too bold, tis not to me she speaks:  
Two of the fairest stars in all she heaven,  
Having some business, do entreat her eyes  
To twinkle in their spheres till they return  
That it her eyes were there, they in her head?  
The brightness of her cheek would shame those stars

As daylight doth a lamp; her eyes in heaven  
Would through the airy region stream so bright  
That birds would sing and think it were not night  
See! How she leans her cheek upon her hand:  
O! that I were a glove upon that hand,  
That I might touch cheek (4,31)

Көріп отырғанымыздай, түпнұсқадағыдай  
Ромео Джульеттаның сұлулығын образды тілмен  
жеткізе білген. Пастернакта да, Баймұхамедовта да сақталған.

Ал қуанышты, махаббатқа мас болған  
бақытты Ромеоның дауыс ырғағының қандай  
дәрежеде аударылғандығына назар аударайық:

Ромео: Алып келген – махаббат  
Шын ғашық жан,  
Тастан өтпес болар ма,  
Келе берсін ағайының,  
Ешкімнен мен қорқа алман! (1,41)

Пастернактың аудармасында:

Меня перенесла сюда любовь,  
Ее не останавливают стены.

В нужде она решается на все,  
И потому что мне твои родные. (3,30)

Түпнұсқада:

With love's light wings did I o'erperch these walls,  
For stony limits cannot hold love out,  
And what love do – that dares love attempt;  
Therefore thy kinsmen are no stop to me. (4,327)

Түпнұсқада: “love's light wings” - “махаббаттың жеңіл қанаттары”, “тасты қорған” - “stony limits” жайлы айтылса, бұл эпитеттер Б.Пастернакта да, Н.Баймұхамедовта да берілмеген, есесіне, екі тәржімашы да жас бойын албырт махаббат билеп алған Ромеоның интонациясын бере алған. Н.Баймұхамедовтың өз жадынан қосқан “шын ғашық жан”, “ешкімнен мен қорқа алман” сөздері түпнұсқаны бұзып тұрған жоқ.

Ал Ә.Кекілбаев аударманың еркін түрін қолданған:

Махаббатқа қандай қорған тосқауыл,  
Қорқытады оны қандай от жалын,  
Сүйген адам біледі ме үрейді,  
Сескентердей соншама сенің әулетің  
Деп тұрсың ба дүниенің тірегі! (2,125)

Түпнұсқада “от жалын”, “сескенту”, “дүниенің тірегі” деген сөздер тіпті жоқ, бірақ аудармадан махаббат жолында ештеңеден тайсалмайтын Ромеоның жан айқайын байқаймыз.

Сонымен қатар, аудармаларда қателіктер де жоқ емес. Атап айтқанда :

Бенволио. Ромео, с добрым утром!  
Ромео. Разве утро?  
Бенволио. Десятый час.  
Ромео. Как долог час тоски!  
Что это, не отец мой удалился? (3,8)

Қазақша нұсқасына қарайық:

Бенволио. Қайырлы таң, Ромео!  
Ромео. Таң да атып қалып па еді!  
Бенволио. Таң атпақ түгілі сәске болды емес пе!  
Ромео. Желаяқ уақыттың аяғына  
Жем түскендей көрінеді  
Қамыққанда көңілің.  
Аналар кім, әкемдер емес пе өздері?  
(1,94)

Орысшасында сағаттың он болғаны анық. Мұны Ә.Кекілбаев “сәске” деп алған.

Немесе :

Монтеки. Таң атпай жатып шық шалғынға жас төгіп,  
Өзімен-өзі күңірене күрсініп  
Сенделетін де жүретінін  
Көп көретін бопты жұрт.  
Содан қалай көкжиектен күн көріне,  
Ілбіп үйге қайтады дейді,  
Бөлмесіне тығылып, перделерін түсіріп  
Кешке дейін шықпайды дейді сыртқа аттап.  
Өйтіп неге жұрт көзінен қашады?  
Біле алмай қойдым себебін. (1,93)

Мұнда “көк жиектен күн көріне” Ромеоның үйге қайтатыны жөнінде айтылып тұр, яғни ол түске дейін жүрмейді. Осы тұсқа келгенде аудармада логикалық қайшылыққа тап боламыз. Ал осындай қатенің кетуіне не себеп болғандығына тікелей түпнұсқамен салыстыру арқылы көз жеткіздік. Бұған сатылы аударманың олқылығы әсер еткен. Ашып айтатын болсақ, ағылшын тілінен аудару кезінде Пастернак қате жіберген екен. Түпнұсқада қазақша нұсқадағы “таң атпақ түгілі сәске болды емес пе” - “But new struck nine” деп берілген екен. Ә.Кекілбаев Пастернактағы “десятый час” дегенді “сәске” деп алуы нәтижесінде үш нұсқада уақыт үш түрлі шығып кеткен. Бірақ “Как долог час тоски! Что это, не отец мой удалился?” деп келетін Ромеоның сөздерін жоғарыдағыдай “желаяқ уақыттың аяғына. Жем түскендей көрінеді. Қамыққанда көңілің” деп аударуы өте ұтымды шыққан. Ал Монтекидің Бенволиоға айтқан сөзін: “Пойдем, жена. Оставим их вдвоем, Как исповедника с духовником”. Ә.Кекілбаев “Кетейік біз бұл арадан. Сырласыңдар оңаша” деп тәржімалаған. Аудармада бір ескеретін жай, аударылып отырған шығармада сол халықтың ғана мәдениетіне тән сөздер болады. Сондай сөздерге жататын “исповедник” пен “духовник” сөздерін дәл бермей, тек жай ғана “Сырласыңдар оңаша” деп аудару салу түпнұсқаның мазмұнын толықтай бере алып тұрған жоқ.

Аударма түпнұсқаға сай және дәл болуға тиіс, әсіресе, түсінбей бұрмалаушылық, еркін кетушілік болмасқа тиіс. Аударманың тілі көркем, жатық болуға тиіс; аударушы дәл аударамын деп, қазақ тілі мен орыс тілінің грамматикалық құрылысының айырмасын ескермей сірестіріп тастамауы керек. Аудармашы әрбір сөйлемнің сөзін емес, мағынасын толық аударуға тиіс.

Бұл тұрғыдан алғанда, Ә.Кекілбаевтың аудармасы сәтті шыққан. Автор өмір сырларын қалай шертті, аудармашы соны да дәл түсініп, тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетіндей етіп оқушыға жеткізе алды. Аударманы оқи отырып өзіміздің төл әдебиетімізді оқып отырғандай сезіне аламыз. Әрине, ішінде кішігірім кемшіліктер де кездеспей қоймайды.

1. Шекспир В. Ромео мен Джульетта. Аударған Баймұхамедов Н. – Алматы: Қазақ баспасы, 1947. - 124 бет.  
2. Шекспир В. Таңдамалы. I том. – Алматы: Жазушы, 1981. - 608 бет.

3. Шекспир В. Трагедии. Перевод с английского Б.Пастернака. – Л: Худлит., 1982. - 384 с.

4. Shakespeare. Romeo and Juliet. Moscow: Higher school Publishing House 1972. - 123 p.